

## Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Борсөңгір ауылдық округінде орналасқан, қаралып отырған тұста Жиделісай өзені участекесінің су қорғау аймағын, белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 02/01 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 8 қаңтарда № 174-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39-бабының 2), 2-1) тармақшаларына және 116-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Борсөңгір ауылдық округінде орналасқан, қаралып отырған тұста Жиделісай өзені участекесінің су қорғау аймағы, белдеуі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген су объектісі участекесінің су қорғау аймағының, белдеуінің шаруашылықта пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Ұлытау облысы Ұлытау ауданының әкімдігі, "Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы", "Ұлытау облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемелері, уәкілдегі мемлекеттік органдар, өз құзыретінің шенберінде заңнамамен белгіленген тәртіпте, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын

пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі

Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы"

республикалық мемлекеттік мекемесі

## "КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің  
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті  
Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

## "КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің  
Ұлытау облысы бойынша экология департаменті"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

## "КЕЛІСІЛДІ"

"Ұлытау облысының ауыл шаруашылығы және  
жер қатынастары басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі

Ұлытау облысы  
әкімдігінің  
2025 жылғы 6  
қантардағы  
№ 02/01  
қаулысына 1-қосымша

**Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Борсенгір ауылдық округінде орналасқан, қаралып отырган  
тұста Жиделісай өзені участкесінің су қорғау аймағы, белдеуі**

№	С у объектісіні н атаяу	Орналаска н жері	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
			алаңы ( гаектар)	ені (метр) ұзындығы (шакырым )	алаңы ( гаектар)	ені (метр) ұзындығы (шакырым )	алаңы ( гаектар)	ені (метр) ұзындығы (шакырым )
1	Жиделісай өзенінің участкесі	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Борсенгір ауылдық округі	108,037	500 0,415	7,165 35			0,423

Ескерту:

су қорғау аймағының және белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалау  
күжаттамасының картографиялық материалында көрсетілген.

Ұлытау облысы  
әкімдігінің  
2025 жылғы 6  
қантардағы  
№ 02/01  
қаулысына 2-қосымша

**Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Борсентір ауылдық округінде орналасқан, қаралып отырған тұста Жиделісай өзені участкесінің су қорғау аймағының, белдеуінің шаруашылықта пайдалану режимі**

**1. Су қорғау белдеуінің шегінде:**

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштарды салмай, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участкелерін беруге;

4) су объектінің және оның су қорғау аймағы мен белдеуінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участкелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндеді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуға (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады

**2. Су қорғау аймағының шегінде:**

1) су объектінің және оның су қорғау аймағы мен белдеуінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуғе, сондай-ақ құрылыш, су тұбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуғе, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен,

бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыш жобаларына (техникалық-экономикалық негізdemelerге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймағы мен белдеуінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыштар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, курделі жөндеуге) тыйым салынады.